

Мектеп тарихы

1954 жылы Калинин ауылында бастауыш мектеп ашылып, мектеп директоры болып А.А.Бурбах тағайындалды.

1970 жылы бастауыш мектептен 8 жылдық мектепке ауыстырылды.

1980 жылы мектепті Б.Б. Герцег басқарды. Ол кісізейнеткерлік жасқа жетіп, демалысқа шыққаннан соң, мектеп директоры болып М.А.Ганн тағайындалды.

Тоқырау кезеңіндегі өзгерістерге байланысты 1996-1998 жылдары неміс ұлт өкілдері өздерінің тарихи мекендеріне көше бастады. Бұл кезеңдерде мектептің оқыту тілі: орыс тілінде ғана жүрді.

1997 жылдың жаңа оқу жылы 1-қазақ сыныбымен басталды. Тәуелсіздік алған жылы өмірге келген балалар қазақ сыныбына барды. Ауылымызға көптеген жас мамандар келіп, оқыту екі тілде жүргізілді.

1984 жылы мектеп ғимаратының тарлығына байланысты, мектеп балабақша ғимаратына ауыстырылды.

1999 жылдан бастап, Калинин 8 жылдық мектебі «Калинин негізгі мектебі» болып аталды.

Бұл мектепте 1999-2017 жылдары оқыды. Бала санының өсуіне байланысты 2017 жылы 120 орындық мектеп салынып, жаңа ғимаратқа «Қызылсуат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ болып көшірілді.

2018 жылдың қарашасында мектепте өлкетану мұражайы ашылды. Мұражайдың негізгі жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша ұйымдастырылып, әрі жерлесіміз Совет Одағының екі дүркін батыры-ұшқыш Т.Бигельдиновтың ерлігіне және Тұңғыш Қазақстанның Ішкі Істер министрлігінің генерал-майоры Махмұт Дүйсенов пен алғашқы қазақтың ақын қызы, жерлесіміз Шолпан Иманбаева рухына бағытталған еді.